

Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 25 наурыздағы "Халықтың мақсатты топтағы жұмыссыздары үшін ұйымдастырылатын әлеуметтік жұмыс орындарының тізбесін бекіту туралы" N 110 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 8 шілдедегі № 257 қаулысы. Ақтөбе облысының Мұғалжар аудандық Әділет басқармасында 2010 жылғы 5 тамызда № 3-9-105 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданының әкімдігінің 2010 жылғы 18 ақпандағы № 176 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданының әкімдігінің 2010.02.18 № 176 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабы 5-4) тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мұғалжар ауданы әкімдігінің "Халықтың мақсатты топтағы жұмыссыздары үшін ұйымдастырылатын әлеуметтік жұмыс орындарының тізбесін бекіту туралы" 2009 жылғы 25 наурыздағы N 110 (нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3-9-97 нөмірімен тіркеліп, 2009 жылғы 20 мамырдағы "Мұғалжар" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Жоғарыда аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Мұғалжар ауданы әкімінің орынбасары Н. Аққұлға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен бастап, он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *С. Шаңғұтов*
Мұғалжар ауданы әкімдігінің
2009 жылғы 08 шілдедегі
N 257 қаулысының

Қосымшасы

N	Мекеме атауы	Қабылданатын адамдар саны

1.	"Базальт-А" ЖШС	25
2.	"Силикат-А" ЖШС	25
3.	"Болат" ЖШС	5
4.	"Теміржолсу" ЖШС	5
5.	Демалыс орталығы "Айдана"	3
6.	"Ақжол" кафесі	3
7.	"Бірлік" ЖШС	10
8.	"Трансхимснаб" ЖШС	3
9.	"Тағдыр и Т" шаруа қожалығы	3
10.	"Арай" шаштараз	1
11.	"Сағыныш" дүкені	1
12.	"Жиеней" ЖШС	2
13.	"Ел қоныс" шаруа қожалығы	3
14.	"Арай" шаруа қожалығы	3
15.	"Саян" шаруа қожалығы	3
16.	"Салтанат" дүкені	1
17.	"Манас" ресторан	5
18.	"Техник" ЖШС	2
19.	КММ "Комунальщик"	10
20.	КММ "Қазақавтожол"	8
21.	"Байқар" шаруа қожалығы	2
22.	"Кете" шағын маркеті	1
23.	"Құмжарған" ЖШС	5
24.	"Арман-М" шаруа қожалығы	5
25.	"Рауан" спорт мектебі	3
26.	"Манас" шаруа қожалығы	6
27.	"Арыс" шаруа қожалығы	3
28.	"Нұргүл" шаруа қожалығы	4